

Н.И. Ибрагимова¹, Е.А. Корманбаева²

¹Университет «Туран-Астана»

Қазақстан, Астана

E-mail: (narik-090@mail.ru)

²Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

E-mail:(alima.asetova@mail.ru)

Әскери қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз етуді құқықтық реттеу

Андатпа. Әр бір азаматтың тұрғын үйге деген құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген және ол ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ерекше рөлін ескере отырып әскери қызметшілерге де қолданылады. Бұл санаттағы азаматтар тұрғын үй құқықтарын жүзеге асыруда ерекше көзқарасты талап етеді, себебі олардың қызметінің ерекшеліктері, оның ішінде қызмет орнының жиі ауысуы, тұрғылықты жерді таңдаудағы шектеулер және еңбек жағдайларының өзгешелігі ескерілуі қажет.

Мақалада Қазақстан Республикасындағы әскери қызметшілердің тұрғын үймен қамтамасыз етудің құқықтық реттелуі қарастырылады, соның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заң, сондай-ақ заңға тәуелді актілер мен мемлекеттік қолдау бағдарламалары талданады. Әскери қызметшілердің тұрғын үй құқықтарын жүзеге асырудың негізгі түрлері зерттеледі, олар: қызметтік тұрғын үй беру, тұрғын үй бағдарламаларына қатысу және жинақтық-ипотекалық жүйе механизмдері.

Түйінді сөздер: Әскери қызметшілер, құқықтық реттеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, мемлекеттік қолдау, жинақтық-ипотекалық жүйе.

Н.И. Ибрагимова¹, Е.А. Корманбаева²

¹«Туран-Астана» Университет

Қазақстан, Астана

E-mail: (narik-090@mail.ru)

²Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

E-mail:(alima.asetova@mail.ru)

Правовое регулирование обеспечения жильем военнослужащих

Аннотация. Конституция Республики Казахстан закрепляет право каждого гражданина на жилище, что распространяется и на военнослужащих, учитывая их особую роль в обеспечении национальной безопасности. Данная категория граждан требует специального подхода к реализации жилищных прав, связанного с особенностями их службы, включая частую смену место дислокации, ограничение в свободе выбора места жительства и особые условия труда.

В статье рассматривается правовое регулирование обеспечения военнослужащих жильем в Казахстане, включая нормы Конституции Республики Казахстан, Закон, «О воинской службе и статусе военнослужащих», а так же подзаконные акты и программы государственной поддержки. Исследуются основные формы реализации жилищных прав военнослужащих: предоставление служебного жилья, участие в жилищных программах и механизмы накопительной-ипотечной системы.

Ключевые слова: Военнослужащие, правовое регулирование, жилищное обеспечение, государственная поддержка, накопительное-ипотечная система.

N.I.Ibragimova¹, E.A. Korganbayeva²

Turan-Astana University

¹Astana, Kazakhstan

E-mail: (narik-090@mail.ru)

²Alikhan Bokeikhan University

Semey, Kazakhstan

E-mail:(alima.asetova@mail.ru)

Legal regulation of housing provision for military personnel

Annotation. The Constitution of the Republic of Kazakhstan guarantees the right of every citizen to housing, which also applies to military personnel, taking into account their special role in ensuring national security. This category of citizens requires a special approach to the realization of housing rights, linked to the specifics of their service, including frequent changes in the place of deployment, restrictions on the freedom to choose a place of residence, and special working conditions.

The article examines the legal regulation of housing provision for military personnel in Kazakhstan, including the provisions of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the Law "On Military Service and the Status of Military Personnel," as well as subordinate acts and government support programs. The main forms of realization of housing rights for military personnel are explored: the provision of official housing, participation in housing programs, and the mechanisms of the accumulation and mortgage system.

Keywords: Military personnel, legal regulation, housing provision, government support, accumulation and mortgage system.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында қоғамдық өмірдің бірқатар салаларын реформалаумен қатар, әскери реформада жалғасуда. Оның маңызды бағыттарының бірі болып – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылымын оңтайландырумен қатар, азаматтардың әскери қызметті ұйымдастыру және өтеу процессінде қалыптасатын құқықтық қатынастарды жетілдіру болып табылады. Осы қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіру мәселелері ерекше маңызға ие, себебі әскери қызметшілер мемлекеттің қорғаныс және қауіпсіздік міндеттерін шешуде басты рөл атқарады.

Әскери қызметшілерді баспанамен қамтамасыз ету әр мемлекеттің, соның ішінде Қазақстан Республикасының, әлеуметтік саясатының негізгі элементі болып табылады. Әскери қызмет қол жетімділігі қиын және шалғай аудандарды қоса алғанда кез келген жағдайда қызмет атқаруға дайын болуды талап етеді. Әскери қызметшілер мен олардың отбасыларын қолайлы тұрғын үй жағдайымен қамтамасыз ету олардың өмір сүру сапасын жақсартумен қатар, моральдық-психологиялық ахуалын нығайтуға ықпалын тигізеді.

Қазақстан Республикасында әскери қызметшілердің тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының Тұрғын үй қатынастары туралы заңы, Әскери қызмет және әкімшілік қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпанындағы №561-IV Заңы,

Әскери қызметшілерді қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 ақпандағы №49 қаулысы сияқты бірқатар нормативтік актілермен реттеледі, олар тұрғын үй құқығын іске асырудың әртүрлі тетіктерін ұсынады. Бұған қызметтік тұрғын үй беру, тұрғын үйді жалға алуға төлемдер төлеу, сондай-ақ жылжымайтын мүлікті сатып алуға арналған жинақтық-ипотекалық тетіктер кіреді. Алайда, құқықтық базаның ойластырылғанына қарамастан, әскери қызметшілер мен олардың отбасылары практикада қызметтік тұрғын үйдің жетіспеушілігі, өтемақы мөлшерінің жеткіліксіздігі және бюрократиялық қиындықтармен байланысты көптеген мәселелерге тап болады.

Зерттеудің объектісі болып Қазақстан Республикасындағы әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз етуді құқықтық реттеу, тұрғын үй құқықтарын реттейтін заңнамалық және заңға тәуелді актілерді талдау, сондай-ақ осы құқықтарды мемлекеттік бағдарламалар мен жинақтық-ипотекалық жүйе арқылы жүзеге асыру механизмдерін зерттеу.

Зерттеудің мақсаты болып Қазақстан республикасындағы әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз етуді құқықтық реттеуді талдау, осы

саладағы бар проблемаларды анықтау және әскери қызметшілердің тұрғын үй құқықтарын жүзеге асырудың заңнамалық механизмдерін жетілдіру және практикалық ұсыныстар әзірлеу. Бұл мақсатты шешу үшін келесідей міндеттер қойылған:

1) Әскери қызметшілер арасындағы тұрғын үй ресурстарын тең және әділ бөлуге кепілдік беретін тиімді бағдарламалар шарттарын жеңілдету.

2) Тұрғын үй беру процедураларын оңтайландыру: Қызметтік тұрғын үй алу процесін жеңілдету және жылдамдату, сондай-ақ тұрғын үй субсидияларын алу және мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына қатысу механизмін жақсарту.

Зерттеу материалдары және әдістері. Авторлармен зерттеу материалдарының әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастарын құқықтық реттеудің бағыттары әдістерінің маңыздылығына байланысты жүргізілген. Атап айтқанда әскери қызметшілерді тұрғын үй мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық ережелер, құқықтық ұстанымдарға құқықтық талдау жасалынады. Әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастарын құқықтық реттеуге қатысты ғалымдардың пікірлері мен көзқарастарын талдау әдістері кешенді түрде қолданылды.

Негізгі зерттеу ережелері. Азаматтардың тұрғын үй құқықтарын іске асыру құқықтық және материалдық кепілдіктердің болуына байланысты екені сөзсіз. Қазақстан Республикасының заңнама жүйесінде жекеленген санаттарының, оның ішінде әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың, жетім балалардың, мүгедектердің, мемлекетіміздің қауіпсіздігін қорғау жүйесін жүзеге асыратын әскери қызметшілердің тұрғын үй құқықтарын іске асыру проблемаларына ерекше назар аударылады.

Тұрғын үйге деген құқық – Қазақстан Республикасы азаматының конституциялық құқығы. Қазақстан Республикасының Конституциясының 25-

бабаында «тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген өзге де санаттағы және мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі»[1]. Мұнда «өзге де санаттарға» 2012 жылғы 16 ақпанындағы №561-IV Әскери қызмет және әкімшілік қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тұрғын жайға мұқтаж әскери қызметшілер, соның ішінде әскери қызметтен босатылған адамдар кіреді.

Әскери қызметшілердің тұрғын жаймен қамтамасыз ету негіздері мен тәртібі жоғарыда аталған заң нормаларымен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының 1997 жылы 16 сәуірде қабылданған «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының нормаларымен де, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарымен, Үкімет қаулыларымен, атқарушы органдарының нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі. Тұрғынжай екі санатта берілуі мүмкін, атап айтқанда: 1) тұрғын үй сатып алуға; 2) Республикалық бюджет есебінен тұрғын үй беру.

Зерттеу нәтижелері. Жұмысты зерттеу аясында әскери қызметкерлердің тұрғын үй қатынастарын реттеудің жаңа тетіктері мен әдістерін ұсына отырып, әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастарын реттеудің тиімді жолдары құрылды.

Әскери қызметшілердің әлеуметтік қамсыздандырылуы, оның ішінде тұрғынжаймен қамтамасыз ету жолдарын, атап айтқанда тұрғын үй төлемдерін, әскери баспана аясындағы бағдарламалар түрлерінің жаңа моделін айқындау.

Зерттеуді талқылау. Әскери қызметшілердің тұрғын үйге деген құқығы олардың конституциялық-құқықтық мәртебесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Оны іске асыру мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары аясында және қолданыстағы республикалық заңнама негізінде жүзеге асырылады.

Көптеген жылдар бойы әскери қызметшілерді тұрғынжаймен қамтамасыз

ету тәртібі республикалық бюджеттің қаржылық мүмкіндіктеріне және қолданыстағы нормативтік-база негізінде экономиканың жағдайына байланысты өзгерді.

Мемлекет әскери қызметшілерге бірнеше нысанда тұрғынжаймен қамтамасыз етуге кепілдік береді:

- 1) Әскери қызмет атқару кезеңінде қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету;
- 2) Қаржылай үй төлемін беру;

Әскери қызметшілер мемлекеттің ерекше қорғауында болады және заңнамада белгіленген тәртіппен тегін тұрғын үй алуға толық құқығы бар адамдар санатына жатады. Мұндай құқық әскери қызметшілердің заңнамада белгіленген басқа да нысандарын пайдалана отырып тұрғын үй алу мүмкіндіктерінен айырылмайды.

Мемлекет тарапынан тұрғын үйге кепілдік берілетін әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне Әскери қызмет және әкімшілік қызметшілердің мәртебесі туралы заңына сәйкес әскери қызметшілердің жұбайы (зайыбы), кәмелеттік жасқа толмаған балалары, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар, күндізгі оқу нысаны бойынша оқу орындарында 23 жасқа дейінгі оқыйтын балалар жатады. Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің тұрғын үй құқығын жүзеге асыру мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары арқылы республика бюджет есебінен, мемлекеттік тұрғын үй беру арқылы, сондай-ақ тұрғын үй сатып алуға субсидиялар беру арқылы жүзеге асырылады [2].

Әскер қызметшілерді тұрғынжаймен қамтамасыз етудің келесідей тәртіптері мен тәсілдері бар:

- Әскери қызметшілердің барлық санаттары үшін әскери қызметті өткеру кезінде атқарып жатқан елді мекені бойынша қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етіледі.

- Қызметтік тұрғын үй берілмеген жағдайда, әскери қызметшілерге қаржылай шығыстарды өтеу мақсатында тұрғын үй төлемі төленеді. Тұрғын үй төлемінің мөлшері

әскери қызмет өткеретін Қазақстан Республикасының тиісті өңіріндегі тұрғын үйдің бір шаршы метрін жалдау құнының мөлшерін тұрғын үйдің алаңына көбейту жолымен есептеледі. Тұрғын үйдің ауданы әскери қызметшінің өзін қоса алғанда, отбасының әрбір мүшесіне он сегіз шаршы метр пайдалы алаң есебінен айқындалады[3].

Мемлекет тарапынан әскери қызметшілердің барлық санаттарына берілетін тұрғын үй төлемдерін келесідей мақсаттарда қолдануға жол беріледі.

- 1) Бұрын алған ипотекалық кредитты өтеу;
- 2) Тұрғын үй құрлысына үлестік қатысу кезіне жарналарды төлеу;
- 3) Тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеуге[4].

Қазақстан Республикасында әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін шешетін жаңа моделі енгізілді. Заңнамадағы өзгеріс әскери қызметшілерді қызмет атқару кезіндегі қызметтік тұрғын жаймен қамтамасыз етумен қатар тұрғын үй төлемдері де қарастырылған. Сонымен бірге әскери қызметті аяқтағаннан кейін жеке тұрғын үймен қамтамасыз етуде қарастырылған. Қорғаныс министрлігінің 2024 жылдың желтоқсан айындағы статистикалық мәлеметтеріне сүйенетін болсақ, 12 мыңнан астам әскери қызметші тұрғын жайлармен қамтамасыз етілсе, олардың ішінде 8 мыңы жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғын үйлерге орналастырылып, оларға тұрғын үй төлемдерінің 50% төленеді. Сонымен қатар 37 мыңға жуық тұрғын жайға мұқтаж әскери қызметшілер санаты ай сайын тұрғын үй төлемдерін екінші деңгейдегі банктердегі арнайы жеке шоттарына алады.

- Тұрғынжайға мұқтаж деп тану үшін әскери қызметшілердің барлық санаттары тұрғын үй комиссиясының төрағасына баянат береді. Баянатты қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу «электронды үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

- Әскери қызметшілерді тұрғынжаймен қамтамасыз етудің ипотекалық-жинақтық жүйесі – бұл әскери

қызметшілердің тұрғын үйге құқығын жүзеге асырудың жаңашыл және прогрессивті нысаны болып табылады. Ипотекалық-жинақтық жүйе субъектілері болып тұрғын үй саласында қорғалуға жататын адамдардың санаты ретінде – әскери қызметшілер болып табылады. Ипотекалық – жинақтық жүйе әскери қызметшілердің тұрғын үймен қамтамасыз ету құқықтарын жүзеге асыруға бағытталған құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық қатынастар жиынтығы.

Қазақстан Республикасында әскери қызметшілерді тұрғын жаймен қамтамасыз ету мәселелері қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға қарамастан қазіргі таңда өзекті болып қалмақ. Әскери қызметшілер жүйелі түрде шешуді қажет ететін бірқатар қиындықтарға тап болды. Біріншіден, республикалық маңызы бар қалаларда қызметтік тұрғын жайлардың тапшылығынан 2023 жылы Астана қаласында тұрғын үйге мұқтаж 37 мыңға жуық әскери қызметшілер саны тіркелген, бұл ретте барлық мұқтаж әскери қызметшілерді мемлекеттік қор баспанамен қамтамасыз ете алмаған. Екіншіден, 2018 жылдан бастап әскери қызметшілерге тұрғын үй төлемдері төлене бастады, заңда көрсетілгендей тұрғын үй төлемінің *«тиісті өңірдегі тұрғын үйдің бір шаршы метрін жалдау құнының мөлшерін тұрғын үйдің алаңына көбейту»* жолымен есептелінгенімен, елімізде Алматы сияқты ірі қаласында 2024 жылы мемлекет тарапынан берілетін тұрғын үй төлемі жалға алу құнының жартысында өтемегендіктен әскери қызметшілер өз қаражаты есебінен қосымша ақы төлеуге немесе қаланың шалғай аудандарында баспана іздеуге мәжбүр. Үшіншіден, әскери қызметшілер тұрғын үй төлемдерін ипотека алу үшін пайдалана алады, бірақ банк тарапынан жоғары мөлшерде бастапқы жарнаны, табысты растауды және еңбек өтілінің жоғары болуы сияқты қатаң шарттар қояды. Мысалы, Шымкент қаласында әскери қызметшілер «7-20-25» бағдарламасы бойынша ипотекаға үй ала алмайтындығы туралы жергілікті БАҚ өкілдеріне шағымдарымен жүгінген,

өйткені банк тарапынан табысты растауды талап етеді, ал әскери қызметшілерге төленетін тұрғын үй төлемі тұрақты табыс көзі ретінде есепке алынбайды.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта әскери қызметшілердің тұрғын үй құқықтарын іске асырудың бірыңғай келісілген тетігі жоқ, соның салдарынан әскери қызметшілердің тұрғын үйге деген құқықтары жиі бұзылады. Бұл бұзылған құқықтардың қорғаудың қажеттілігін айқындайды. Палехин М.В., өз кезегінде әскери қызметшілердің тұрғын үйге деген құқығын қорғаудың келесідей әдістерін анықтады. 1) қорғау тәсілін іске асыру нысаны бойынша: юрисдикциялық емес (өзін-өзі қорғау), аралас, юрисдикциялық. 2) нәтижесі бойынша: тосқауыл қою, қалпына келтіру, өтемақы төлеу. 3) қолдану саласы бойынша: жалпы (әмбебап) және арнайы [5].

Осылайша, әскери қызметшілердің ерекше құқықтық мәртебесі, олардың атқаратын қызметінің сипатына және соған байланысты міндеттер мен шектеулеріне байланысты, әскери қызмет өткерудің заңнамалық түрде айқындалған құқықтық кепілдіктер жүйесінің болуын алдын ала анықтайды. Бұл жүйеге тұрғын үй құқықтарын жүзеге асыруға арналған мемлекеттік кепілдіктер де кіреді, олар тұрғын үй қатынастарының осы санаттағы субъектілеріне қамтамасыз етіледі. Алайда, заңда белгіленген құқықтар мен заңмен қорғалатын мүдделер бұзылған жағдайда, оларды қорғаудың құқықтық тетіктері іске қосылады. Қорғау құралдары әскери қызметтің құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз етуде және оны әскери қызметшілердің қалыпты жағдайда атқаруына ерекше буын болып табылады. Демек, әскери қызметшілер санатының тұрғын үй құқықтарын қорғау бойынша құқық қолдану қызметіндегі өзекті мәселелер қазіргі кезеңде өз маңызын сақтап отыр және ғылыми негізделген ұсыныстар негізінде тиімді шешу қажет.

Қорытынды. Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі Қазақстан Республикасының әлеуметтік және құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Мемлекет әскери қызметшілердің тұрғын үй құқықтарын жүзеге асыру үшін түрлі нормативтік-құқықтық актілер мен бағдарламалар арқылы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздер қалыптастырылған. Бұл механизмдерге қызметтік тұрғын үй беру, тұрғын үйді жалға алуға тұрғын үй төлемін төлеу, сондай-ақ жинақтық-ипотекалық жүйе арқылы баспана сатып алу мүмкіндігін қамтамасыз ету жатады.

Дегенмен, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету жүйесінде бірқатар күрделі мәселелер сақталуда. Атап айтқанда, қызметтік тұрғын үйдің жеткіліксіздігі, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін өңірлік ерекшеліктерге сәйкес келмеуі, бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі және құқықтық олқылықтар әскери қызметшілердің тұрғын үйге деген конституциялық құқықтарын толық көлемде іске асыруға кедергі келтіруде.

Осыған байланысты, әскери қызметшілердің тұрғын үймен қамтамасыз етілуін жақсарту мақсатында келесідей стратегиялық шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

1) Құқықтық реттеу тетіктерін жетілдіру – әскери қызметшілердің тұрғын үй құқықтарын қорғауға бағытталған заңнамалық нормаларды жүйелі түрде жетілдіру және құқықтық олқылықтарды жою;

2) Қызметтік тұрғын үй қорын кеңейту – әскери қалашықтар мен стратегиялық маңызды аймақтарда қызметтік тұрғын үйлердің санын арттыру мақсатында мемлекеттік инвестициялар мен жеке меншік әріптестік тетіктерін белсенді пайдалану;

3) Тұрғын үй төлемдерін оңтайландыру – тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін өңірлік ерекшеліктерді ескере

отырып әділ есептеу және оны инфляциялық өзгерістерге бейімдеу;

4) Ипотекалық-жинақтық жүйесінің тиімділігін арттыру – әскери қызметшілерге тұрғын үй сатып алуға арналған жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалардың қолжетімділігін кеңейту және оның шарттарын оңтайландыру;

5) Бюрократиялық кедергілерді жою – тұрғын үй алу, тұрғын үй төлемдерін тағайындау және мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына қатысу рәсімдерін цифрландыру және жеңілдету арқылы қызмет көрсету сапасын арттыру.

Әскери қызметшілердің тұрғын үй құқықтарын жүзеге асыру – олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етумен қатар, ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс қабілетін нығайтуда шешуші рөл атқарады. Мемлекет тұрғын үй саясатын жетілдіру мен оны іске асырудың тиімді құқықтық тетіктерін қалыптастыру әскери қызметшілердің қызметтік міндеттерін адал атқаруына және олардың әлеуметтік әл-ауқатының артуына ықпал етеді. Осылайша, тұрғын үймен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту тек әскери қызметшілер үшін ғана емес, мемлекеттің тұрақты дамуы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызға ие [6].

Бұл зерттеу әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін кешенді түрде талдай отырып, олардың тұрғын үй құқықтарын қорғаудың жаңа заңнамалық және институционалдық механизмдерін әзірлеуге бағытталған. Зерттеу нәтижелерін ғылыми негізделген ұсыныстар ретінде құқық қолдану практикасын жетілдіруге және әскери қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (2025 жылдың 1 қаңтары күні жағдайы бойынша) [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (жүгінген күн 15.01.2025)

2. Әскери қызмет және әкімшілік қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпанындағы №561-IV Заңы (2025 жылдың 1 қаңтары күні жағдайы бойынша) [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561> (жүгінген күн 15.01.2025)

3. Вопросы реализации прав военнослужащих на жилище, 26.08.2021 Судья Военного суда Акмолинского гарнизона Батырханов А. URL: <https://askeri.sud.kz/rus/massmedia/voprosy-realizacii-prav-voennosluzhashchih-na-zhilishche> (дата обращения: 15.01.2025)

4. Тұрғын үй қатынастары туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 Заңы (2025 жылдың 1 қаңтары күні жағдайы бойынша) [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000094> (жүгінген күн 15.01.2025)

5. Палехин М.В. Способы защиты, как элемент механизма гражданско-правовой защиты прав военнослужащих // Евразийский Союз Ученых. 2015.N3 (12).

6. «Жильё для военных», 10.12.2019 г. Н.Рахметов, Общественно-политическая газета «Время». URL: <https://time.kz/articles/zloba/2019/12/10/zhilyo-dlya-voennyh>

Reference

1. Kazakstan Respublikasynyn Konstituciyasy 1995 zhyly 30 tamyzda respublikalyk referendumda қабылданған (2025 zhyldyn 1 kantary күні zhagdajy bojnynsha) [Elektronдық resurs] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (zhugingen kun 15.01.2025)

2. Askeri қызмет және әкімшілік қызметшілердин martebesi туралы Kazakstan Respublikasynyn 2012 zhyly 16 akpanyndagy №561-IV Zany (2025 zhyldyn 1 kantary күні zhagdajy bojnynsha) [Elektronдық resurs] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561> (zhugingen kun 15.01.2025)

3. Voprosy realizacii prav voennosluzhashchih na zhilishche, 26.08.2021 Sud'ya Voennogo suda Akmolinskogo garnizona Bатырханов А. URL: : <https://askeri.sud.kz/rus/massmedia/voprosy-realizacii-prav-voennosluzhashchih-na-zhilishche> (data obrashcheniya:15.01.2025)

4. Turgyn uj katynastary туралы Kazakstan Respublikasynyn 1997 zhyly 16 sauirdegi №94 Zany (2025 zhyldyn 1 kantary күні zhagdajy bojnynsha) [Elektronдық resurs] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000094> (zhugingen kun 15.01.2025)

5. Palekhin M.V. Sposoby zashchity, kak element mekhanizma grazhdansko-pravovoj zashchity prav voennosluzhashchih // Evrazijskij Soyuz Uchenyh. 2015.N3 (12).

6. «ZHil'yo dlya voennyh», 10.12.2019 g. N.Rahmetov, Obshchestvenno-politicheskaya gazeta «Vremya». URL: <https://time.kz/articles/zloba/2019/12/10/zhilyo-dlya-voennyh>

Авторлар туралы мәліметтер / Информация об авторах / Information about authors

Ибрагимова Н.И. – аға оқытушы, ұлттық және халықаралық кафедрасы, Университет «Туран-Астана», Дукенулы көш..29, Астана, Қазақстан

Корганбаева Е.А. - аға оқытушы, мемлекеттік құқықтық пәндер кафедрасы Alikhan Bokeikhan University, Абай көш..95, Семей, Қазақстан.

Ибрагимова Н.И. - старший преподаватель кафедры национального и международного права Университета «Туран-Астана», ул. Дукенулы. 29, Астана, Казахстан.

Корганбаева Е.А. - старший преподаватель кафедры Государственно-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University, ул. Абая.95, Семей, Казахстан.

Ibragimova N.I.- Senior Lecturer at the Department of National and International Law, Turan-Astana University, Dukenuly St. 29, Astana, Kazakhstan.

Korganbaeva E.A. - Senior Lecturer of the Department of State and Legal Disciplines of Alikhan Bokeikhan University, Abaya Str.95, Semey, Kazakhstan.